



ҰЛТТЫҚ ұлан - ел айбыны

БҰРКИТ

№ 3 (93)
2023 жыл

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының журналы
Журнал Национальной гвардии Республики Казахстан



БҰЛ САҢДА:



3 (93) 2023 жыл

Алғашқы нөмірі 2005 жылы жарық көрді.
Журнал екі айда бір рет шығады.

“Ұлттық ұлан жаршысы” оқу-әдістемелік жинағы – журналдың қосымшасы болып табылады.

МЕНШІК ИЕСІ:

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшылығы.

Бас редактор:

Ерболат Сұлтанов

Редакция алқасы:

Үмбетов Қ.Ж., Тоқышев Қ.Ж.,
Крамар А.А., Сұлтанов Е.М.,
Қожахметов Қ.Ә., Сиярбаев А.М.,
Сейітов Д.Б., Қайырқенов Р. Р.

Көркемдік дизайн және беттеу:

Қажымұратов Е.М.

Фототілші:

Парпура М.А.

Материалдарды көшіріп басқан кезде журналға сілтеме көрсетілуі тиіс.

Редакция жариялануға жолданған материалдарды қысқартуға, автор көзқарасын сақтай отырып, әдеби-көркем тұрғыдан өңдеуге құқылы. Қолжазбалар таратылмайды және қайтарылмайды. Фактілердің растығына және кейіпкерлердің аты-жөндерінің дұрыстығына, құпиялардың сақталуына – мақала авторы, баспа өнімінің сапасына – баспахана жауапты. Оқырмандармен байланыс тек журнал беттері арқылы жүргізіледі.

Басылымға Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің 23.01.2015 жылғы № 15076-Ж бұқаралық-ақпарат құралдары есебіне алу туралы куәлігі берілді.

Редакция мекен-жайы: 010000

Астана қ., Жангелдин к., 2

тел.: 8 (7172) 39-18-16, 72-40-30

«МЕДИАТУР» қоғамдық бірлестігі баспаханасында басылды. Астана қ., А. Иманова көшесі, 19

Теруге 10.07.2023 ж. берілді.

Баспаға 13.09.2023 ж. жіберілді.

Қағаз форматы – А4

Таралымы 1500 дана

Тапсырыс № 003

Мазмұны

4

Президент провел Всеармейское совещание
Akorda.kz

7

Быть верными присяге - достойно служить
народу

Ерболат СУЛТАНОВ

9

Президент Алқа мәжілісін өткізді
Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты

12

Традициям верны
Ерболат СУЛТАНОВ

14

Жаңа форматтағы Әскери кеңес өтті
Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ

19

«Жаңа Қазақстанды» бірге құрамыз!
Дарын СЕЙІТОВ

21

Біз болмасақ, онда кім?
ҚР Ұлттық ұлан баспасөз қызметі

24

Ақ жол, жас офицерлер!
Қуаныш ҚОЖАХМЕТОВ

27

Артынан өлмейтін із қалдырған
Дарын СЕЙІТОВ

30

Уметь - правильно информировать в Алматы
прошли сборы военных журналистов
Алтай СИЫРБАЕВ

33

Служба и жизнь на кинологическом фронте отец
и сын ГАРЕЕВЫ
Алтай СИЫРБАЕВ

38

Еңбек ерлікке бастайды
Құралай ҚОҢЫРАТБАЕВА

Президент провел Всеармейское совещание



Открывая Всеармейское совещание, Президент – Верховный главнокомандующий Вооруженными силами Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев поздравил военнослужащих и ветеранов с Днем защитника Отечества.

В своем выступлении Глава государства отметил, что Вооруженные силы Республики Казахстан являются надежной опорой нашего государства.

– Сохранение территориальной целостности нашей Родины – наш священный долг. Наши предки испокон веков не позволяли никому посягать на наши земли и завещали нам хранить их. Наша главная задача – беречь как зеницу ока это великое наследие. Мы должны оставить потомкам единое и сильное государство. Только оберегая мир и стабильность в стране, мы сможем построить прогрессивное и развитое государство. Вооруженные силы призваны надежно защищать эти фундаментальные ценности, – сказал Президент.

Как подчеркнул Глава государства, в нынешних условиях глобальная ситуация стремительно меняется, мир охватила гонка вооружений.

– Народная мудрость «Жау жок демде, жар астында» («Не говори, что

нет врага, он за скалой») приобретает сейчас особый смысл. В деле сохранения независимости мы должны быть готовы к любым испытаниям. В этот сложный период роль армии возрастает как никогда. Важнейшее значение приобретают профессиональная подготовка военнослужащих, оснащение современным вооружением и передовыми технологиями. Мастерство и мобильность напрямую влияют на боеспособность воинских подразделений. При соответствии этим требованиям армия сможет выполнить все поставленные задачи, – заявил Касым-Жомарт Токаев.

В своем выступлении Верховный главнокомандующий отметил, что силовые структуры должны соответствовать современным требованиям. Как сказал Глава государства, создано командование сил специальных операций. Кроме того, ведется работа по совершенствованию боевых навыков десантно-штурмовых

войск.

– Укрепляется потенциал сил территориальной обороны, формируются части гражданской обороны. Ускоренными темпами продолжается развитие подразделений специального назначения. Их следует постепенно обеспечить необходимым оборудованием. Все эти задачи необходимо завершить в установленные сроки. В противодействии негативным явлениям крайне важно выстроить самое тесное взаимодействие государственных органов. Сильная армия – гарант мира и спокойствия, – сказал Президент.

Как заявил Верховный Главнокомандующий, необходимо продолжить технологическую модернизацию армии. Следует нарастить долю современного вооружения и техники, особенно высокоточных средств поражения, беспилотников и роботизированных комплексов. Для повышения мобильности войск требуется увеличить парк военно-транспортной авиации и боевых машин.

– Важной задачей является внедрение передовых информационных систем и технологий. Особое внимание нужно уделить повышению



оперативности принятия решений и наращиванию потенциала боевых подразделений. Это позволиткратно улучшить эффективность применения войск. В полноценном перевооружении и модернизации нашей армии большую роль призван сыграть отечественный оборонно-промышленный комплекс. Правительству следует принять все меры для расширения номенклатуры продукции военного назначения и услуг. Другой актуальной задачей является наращивание возможностей заводского и войскового ремонта. В этом направлении у нас имеется большой потенциал, – сказал Касым-Жомарт Токаев.

В качестве еще одной важной задачи Глава государства обозначил совершенствование системы служебно-боевой подготовки войск. Как он подчеркнул, способы ведения боевых действий нуждаются в постоянном и глубоком анализе. Также нужно детально изучать актуальный международный опыт и активно применять самые лучшие наработки.

– Современный бой предъявляет повышенные требования к выучке подразделений и профессиональной подготовке командиров, особенно младшего и среднего звена. В них необходимо воспитывать такие качества, как инициативность и самостоятельность. Солдаты и офицеры

не должны бояться ответственности за принимаемые решения, – заявил Президент.

В ходе совещания была отдельно отмечена необходимость развития системы военного образования и науки.

– Отечественные военные академии и институты должны отвечать международным стандартам, поэтому предстоит укрепить их материальную базу. Кроме того, нужно привести образовательные программы в соответствие с современными требованиями, активнее использовать возможности других высших учебных заведений для подготовки воен-

ных специалистов. Ректоры должны нести прямую ответственность за боевую подготовку курсантов. Решение вопросов военной безопасности должно опираться на научную основу, поэтому следует больше внимания уделять научно-исследовательской деятельности. Необходимо наладить тесные связи военных учебных заведений с оборонными предприятиями, – сказал Касым-Жомарт Токаев.

Отметив важность повышения авторитета и статуса военной службы, Касым-Жомарт Токаев призвал уделять особое внимание социальной поддержке военнослужащих.





– Каждый молодой военнослужащий, стоящий на страже спокойствия страны, должен гордиться своей службой. Для этого будут обеспечены все необходимые условия. Сейчас в этом направлении ведется активная работа: действуют льготы для поступления в высшие учебные заведения молодым людям, прошедшим военную службу. Солдаты-срочники временно освобождаются от обязательств по погашению кредитов. Также при желании они могут в ходе службы получить конкретную специальность. В целом, следует увеличить подобные меры социальной поддержки военнослужащих. Наш долг – превратить юношей в настоящих солдат, истинных

профессионалов своего дела. Они должны стать образцом для подрастающего поколения. У них должна быть и достойная заработная плата. Правительству при переходе на единую систему оплаты труда военнослужащих следует принять это во внимание, – заявил Касым-Жомарт Токаев.

Глава государства наградил ряд военнослужащих за мужество и самоотверженность, вклад в обеспечение национальной безопасности и обороноспособности, укрепление законности и правопорядка страны.

В частности, ордена «Айбын» III степени удостоен старший инструктор Департамента Пограничной службы по Туркестанской области

Комитета национальной безопасности Бабакулов Куаныш Исабекович. Медалью «Ерлігі үшін» отмечены командир взвода воинской части 6654 Национальной гвардии Республики Казахстан Лисбаев Байсейит Жанибекович, командир отделения специализированной пожарной части №1 службы пожаротушения и аварийно-спасательных работ Департамента по чрезвычайным ситуациям Западно-Казахстанской области Министерства по чрезвычайным ситуациям Рахматалиев Данияр Тлекбаевич. Медалью «Жауынгерлік ерлігі үшін» награждены командир отделения разминирования войсковой части 19033 Министерства обороны Алдабергенов Мейр Салкынбекович и оперуполномоченный Службы государственной охраны Рамазан Даурен Кайратулы.

В ходе совещания также выступили министр обороны Руслан Жаксылыков, заместитель начальника Службы государственной охраны – командующий Силами особого назначения Айткурман Омарбеков, заместитель председателя КНБ – директор Пограничной службы Ерлан Алдажуманов, заместитель министра внутренних дел – главнокомандующий Национальной гвардией Еркин Ботаканов, ветеран Вооруженных сил Серикбай Онбаев, военнослужащий Ади Таласбаев.

Akorda.kz



БЫТЬ ВЕРНЫМИ ПРИСЯГЕ - ДОСТОЙНО СЛУЖИТЬ НАРОДУ



Глава государства – Верховный Главнокомандующий Вооруженными силами Касым-Жомарт Токаев поздравил участников церемонии награждения с Днем защитника Отечества и Днем Победы. Он отметил, что эти праздники олицетворяют преемственность между старшим поколением, защищавшим Родину в испытаниях прошлого, и поколением воинов независимого государства.

– Казахи – народ со славной историей. Мы потомки великих батыров, не позволивших никому из врагов посягнуть на нашу священную землю. Мы наследники доблестных героев, победивших в страшной войне. Сегодня наши силовые структуры зорко стоят на страже безопасности Казахстана. Долг каждого гражданина — сохранить надежный фундамент нашей государственности. Это также профессиональная обязанность тех, кто посвятил свою жизнь военной службе. Казахстан – миролюбивое государство. Мы поддерживаем дружественные отношения со всеми зарубежными странами. Мы считаем необходимым разрешать любые вопросы между государствами мирным путем. Однако мы не можем проявлять беспечность, в любых условиях важно сохранять бдительность. Укрепление

оборонеспособности и безопасности нашей страны – одна из важнейших задач, – сказал Глава государства.

Как подчеркнул Президент, повышение оборонеспособности, укрепление системы национальной безопасности, обеспечение верховенства закона и правопорядка являются неизблемыми приоритетами нашей страны.

– Государство последовательно расширяет поддержку силовых структур. Поэтапно улучшаются инфраструктура и материальное-техническое снабжение, повышается размер денежного довольствия, растут социальные льготы. Военнослужащие, сотрудники специальных и правоохранительных органов, ветераны силовых структур всегда могут рассчитывать на помощь и заботу государства. Служение

Отечеству во все времена было высочайшей честью и огромной ответственностью перед народом и будущими поколениями. Каждый из вас вносит весомый вклад в сохранение мира, спокойствия и стабильности на нашей земле. Вы показываете пример подлинного профессионализма и безупречного служения Родине. Среди нас есть герои мирных дней, которые, храня верность присяге, рисковали жизнью во имя защиты Отечества. Их мужество служит хорошим примером для всех, особенно для подрастающего поколения, – сказал Касым-Жомарт Токаев.

Затем Президент поблагодарил всех соотечественников, обеспечивающих стабильность и безопасность нашего государства. Глава государства присвоил воинские и специальные звания, классные чины офицерам и вручил государственные награды ряду граждан за мужество и безупречную службу.

– Уважаемые офицеры и солдаты! Поздравляю Вас с наградами и присвоенными званиями и чинами! Наш священный долг и высокая честь – быть верными




му заместителю Командующего региональным командованием «Орталык» – начальнику штаба полковнику Нурболу Сабденбековичу Миртаеву.

– Господин Верховный Главнокомандующий! Получение высшего воинского звания из Ваших рук - очень дорогой и важный момент для меня. Присвоение звания генерала возлагает большую ответственность на каждого военнослужащего. Военнослужащие Национальной гвардии всегда были и остаются надежным щитом стабильности

присяге, достойно служить государству и народу, – обратился к собравшимся Президент в завершение своей речи.

Также стоит отметить, что Указом Президента РК № 211 от 5 мая 2023 года звание «генерал-лейтенант» присвоено Заместителю министра внутренних дел - Главнокомандующему Национальной гвардией генерал-майору Еркину Советбековичу Ботаканову.

Этим же Указом воинское звание «генерал-майор» присвоено заместителю Главнокомандующего Национальной гвардией по воспитательной и социально-правовой работе Халық Қаһарманы полковнику Кайрату Жарылкасыновичу Умбетову, а также Перво-



внутри государства, с честью выполняют возложенные на них задачи. Полиция Казахстана и бойцы Национальной гвардии всегда готовы достойно выполнять, возложенные на них задачи, – сказал при вручении генеральских погон заместитель Главнокомандующего Национальной гвардией Республики Казахстан по воспитательной и социально-правовой работе генерал-майор Кайрат Умбетов.

**Полковник
Ерболат СУЛТАНОВ**

ПРЕЗИДЕНТ АЛҚА МӘЖІЛІСІН ӨТКІЗДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Ішкі істер министрлігінің кеңейтілген алқа мәжілісі өтті. Жиынға Президент Әкімшілігі мен мемлекеттік органдардың басшылары, ПМ алқасының мүшелері және орталық аппараттың басшылық құрамы, өңірлік полиция департаменттерінің, аумақтық Қылмыстық-атқару жүйесі департаменттерінің басшылары қатысты.

«Полиция халықтың құрметіне ие мамандықтың бірі болуы керек»

Қасым-Жомарт Тоқаев Ішкі істер министрлігі мемлекеттік басқару жүйесінде айырықша рөл атқаратын құрылым екенін атап өтіп, қоғамдық тәртіпті сақтау, қылмыспен күресу аса маңызды міндет саналатынын айтты.

– Тәртіп сақшыларының қызметі оңай емес. Бұл белгілі. Күн-түні жұмыс істейтін кездер жиі болады. Қауіп-қатер де бар. Тәулік бойы, яғни 24 сағат бойы сақадай сай болу үшін ерекше қажыр-қайрат пен төзімділік қажет. Себебі қиын жағдайға тап болған жандар ең алдымен, полициядан көмек күтеді. Азаматтарымыз сіздерге мемлекеттің, яғни биліктің өкілі ретінде қарайды. Қауіп-қатерден қорғайды деп сенеді. Сондықтан сіздерге әрдайым орасан зор жауапкершілік жүктеледі, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, полиция халықтың құрметіне ие мамандықтың бірі болуы керек. Сондықтан қазір ішкі істер органдарының жұмысын жетілдіруге баса мән беріліп, полиция қызметінің сервистік моделі енгізіліп жатыр.

– «Жұртқа жақын полиция» қағидатын орнықтыру үшін нақты шаралар қабылдануда. Осы қарқынды тоқтатпау керек. Пилоттық жоба аясында қол жеткен жетістікпен шектеліп қалуға болмайды. Ашығын айтқанда, қызмет көрсетудің сервистік моделі туралы тек мамандар ғана айтып жүр. Қарапайым азамат-



тар мен қоғам өкілдері пікір білдіріп жатқан жоқ. Бұл – халық оның нақты нәтижесін, оң өзгерістерді көріп жатқан жоқ деген сөз. Сондай-ақ сотқа дейінгі тергеу саласына да назар аударған жөн. Бұл – құқық қорғау жүйесіндегі мемлекеттік қызметтің ерекше бір түрі, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«Құқық қорғау органдары алаяқтарға қарсы табанды күрес жүргізуге тиіс»

Президент қоғамдағы алаяқтық әрекеттерге тағы бір өзекті мәселе ретінде арнайы тоқталды.

– Қазір көптеген азаматтарымыз алаяқтардың аялауына түсіп, алданып қалып жатыр. Сондықтан құқық қорғау органдары алаяқтарға қарсы табанды күрес жүргізуге тиіс. Оларға ешқандай жеңілдік жасалмауы керек. Себебі алаяқтардың жасаған әрекетінен халық зардап шегуде. Мысалы, жақында бір туристік компания заңға бағынатын бір топ азаматты алдап, оларды қажылыққа жіберген. Енді кінәсіз адамдар Сауд Арабиясының полиция учаскесінде қамауда отыруға мәжбүр. Осындай алаяқ компанияның заңға қайшы әрекеті азаматтарымыздың денсаулығына, олардың моральдық жағдайына және жалпы еліміздің беделіне үлкен нұқсан келтіріп отыр. Бұл жерде, әрине, адамдардың құқықтық сауатсыздығы да бар. Енді мемлекетіміз,

яғни Сыртқы істер министрлігі оларға барынша көмектесуі қажет. Ал Ішкі істер министрлігі алаяқ компанияның басшылығын, қызметкерлерін заңға сәйкес жауапқа тартуға тиіс. Әділетті қоғам құрамыз десек, дәл осындай өзекті мәселелерді шешуіміз керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«Жастарымыз заңды білмейді»

Мемлекет басшысы полицияның жоғары деңгейдегі өкілдері университеттерге, мектептерге барып, заңдарды жастарға түсіндіруі керек екенін айтты. Әсіресе, заң бұзудың салдарын анық көрсетуі қажет.

– Өкінішке қарай, біздің жастарымыздың арасында заң сауатсыздығы кеңінен таралған. Басқа сөзбен айтқанда жастарымыз заңды білмейді, заңды сақтаудың мән-маңызын түсінбейді. Ал мұндай құқықтық сауатсыздықтың салдары өте ауыр. Мен әрбір жиында қоғамымызда заң үстемдігі болуы керек, соның негізінде тәртіп болуы керек деп айтып жүрмін. Полиция қызметкерлері осы қарапайым тұжырымдаманы халыққа, азаматтарға, әсіресе, жастарға жеткізуі керек, – деді Мемлекет басшысы.

«Біздің азаматтарымызға құрғақ есептер емес, сіздердің қызметтеріңіздегі елеулі өзгерістер мен нақты нәтижелер қажет»

Президент азаматтарымыз қиын

жағдайға тап болғанда билік өкілдері әділдікті тез арада қайта орнатады, кінәлілерді жауапқа тартады және шығынды өтеуге көмектеседі деп үміттенетінін айтты. Сондықтан арыз-шағымдарды барынша жылдам әрі кәсіби түрде қарастырып, әрекет ету қажет.

– Алайда шағымдардың көптігі құқық қорғау жүйесінің бұл міндетті тиісті деңгейде атқара алмай жатқанын көрсетеді. Азаматтар жылдар бойы талай мекеменің табалдырығын тоздырып, нақты жауап таппай, шындыққа қол жеткізе алмай жүр. Сондықтан менің тапсырмам бойынша Құқық қорғау жүйесін реформалау жөніндегі комиссия қылмыстық және қылмыстық процесстік заңнаманы жетілдіру туралы заң жобасын әзірледі. Бұл құжат тергеушілердің және анықтаушылардың жұмысын жеңілдету үшін керек. Басты мақсат – оларды артық рәсімдерден, құжаттардан арылту. Түптеп келгенде, мұның бәрі сіздерге көмек сұрап келген азаматтар үшін жасалып жатыр. Бюрократия жойылса, полицияның уақыты үнемделеді, күш-қуаты босқа жұмсалмайды. Азаматтардың өзекті мәселесін шешуге көбірек мүмкіндік туады. Біздің азаматтарымызға құрғақ есептер емес, сіздердің қызметтеріңіздегі елеулі өзгерістер мен нақты нәтижелер қажет. Сервистік модельдің мәні – осы. Оның негізгі тәсілдері полиция қызметінің барлық аспектілері мен салаларына енгізілуі керек, – деді Президент.

«Уақтылы шаралар қабылданса, отбасылық және тұрмыстық ұрыс-керіс кезінде жасалған қылмыстардың алдын алуға болар еді»

Мемлекет басшысы отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмысының тиімділігін арттыруға ерекше назар аудару керек екенін атап өтті.

– Статистика көңіл көншітпейді. Соңғы екі жарым жылда үйдегі зорлық-зомбылықтың салдарынан 300 адам көз жұмды. Денсаулыққа ауыр зиян келтірудің 878 фактісі және орташа зиян келтірудің 808 фактісі тіркелген. Осындай құқық бұзушылықтар бойынша 37 мыңнан астам адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Жағдайды түзеу үшін алдын алу шараларын кешенді түрде жүргізу қажет. Бұл жерде уәкелілік инспекторлар шешуші



рөл атқарады. Уақытылы шаралар қабылданса, отбасылық және тұрмыстық ұрыс-керіс кезінде жасалған қылмыстардың көпшілігінің алдын алуға болар еді. Яғни біреудің өмірі мен денсаулығын сақтап қалар едік. Мұны тәжірибе көрсетті, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«Жуырда ғана электр самокаттарын және басқа да жеке көлік құралдарын пайдалану тәртібін реттейтін заң қабылданды»

Президенттің пікірінше, құқық қорғау органдары әрқашан басты назарда ұстауға тиіс тағы бір маңызды мәселе – жол қауіпсіздігі деңгейін арттыру.

– Соңғы үш жылда жол-көлік оқиғаларының саны тоғыз пайызға өсті. Оның салдарынан 6,5 мыңнан астам азамат қаза тауып, 55 мыңнан астамы жарақат алды. Шын мәнінде, біз жыл сайын ірі елді мекендердің халқынан айырылып отырмыз. Бұл – еліміз үшін нағыз қасірет. Біз адамдардың өмірі мен денсаулығы ең басты құндылық екенін үнемі айтамыз. Сондықтан жағдайды түзеу үшін жүйелі шаралар қабылдау керек. Ең алдымен, барлық азаматтың назарын жол жүру ережелерін мүлтіксіз сақтауға аудару керек. Мәселен, жаяу жүргіншілердің кінәсінен тек биылдың өзінде 164 жол-көлік оқиғасы болып, салдарынан 24 адам қаза тапты, 142 адам жарақат алды. Апаттардың көптігі жол қауіпсіздігі деңгейінің автомобильдер санының өсіміне сай келмейтінін көрсетеді. Бұл жол инфрақұрылымына да, оның қауіпсіздігіне жауап беретін қызметтердің жұмысын ұйымдастыруға да қатысты. Жуырда ғана электр само-

каттарын және басқа да жеке көлік құралдарын пайдалану тәртібін реттейтін заң қабылданды. Енді көліктің жаңа түрлерін іс жүзінде қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету маңызды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұл ретте Мемлекет басшысы ел аумағына ретсіз әкелінген шетелдік көліктер де жолдағы жағдайды ушықтырып жібергенін айтты.

– Мұндай көліктерді тізгіндеген жүргізушілер жол жүру ережесін өрескел бұзды және көбіне жазасыз қалды. Қазір менің тапсырмам бойынша бұл көліктердің мәселесін құқықтық тұрғыда реттеу үшін заңдастыру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Уәкілетті мемлекеттік органдардың үстірт шешімі осындай көліктердің елге жаппай әкелінуіне себепші болды. Енді жіберілген оққылықтарды түзеуге мәжбүр болып отырмыз. Оның ішінде Ішкі істер министрлігінің де қателіктері бар. Бұдан бөлек, шетелдік көліктерді әкелумен және оны есепке қоюмен айналысатын қылмыстық схемалар пайда болды. Оған полиция қызметкерлерінің де қатысы бар. Әділетті әрі құқықтық мемлекетте бүкіл құқық қорғау жүйесінің атына кір келтіретін мұндай заңсыздықтарға жол берілмеуі керек, – деді Мемлекет басшысы.

Ұйымдасқан қылмыспен күрес

Президент айрықша назар аударған тағы бір өзекті мәселе – ұйымдасқан қылмыспен күрес. Оның айтуынша, ел ішінде болған жайттар, сондай-ақ төңірегіміздегі геосаяси кеңістікте болып жатқан оқиғалар ұйымдасқан қылмыстық топтармен ымырасыз күрес жүргізу-



дің аса маңызды екенін көрсетті.

– Ұйымдасқан қылмыстық топ өкілдерімен «бармақ басты, көз қысты» әрекеттерге баруға, астыртын мәміле жасауға, сыбайластыққа жол берілмейді әрі қатаң тыйым салынады. Кезінде Абай «Күшік асырап, ит еттім, ол балтырымды қанатты. Біреуге мылтық үйреттім, ол мерген болды, мені атты» деп айтқан. Таяудағы оқиғалар қылмыс әлемінің өкілдері, түптеп келгенде, мемлекет пен заңға бағынатын азаматтарға қарсы бас көтеріп, саяси талап қоюға және өз дегенін жасатуға тырысатынын көрсетті, – деді Президент.

«Қоғамда заң мен тәртіп қатаң сақталуы керек»

Сондай-ақ Мемлекет басшысы заңға бағыну мен құқық бұзушылықтың аражігін нақты ажырата білу қажет екеніне тоқталды.

– Қоғамда заң мен тәртіп қатаң сақталуы керек. Сонда ғана еліміз өсіп-өркендейді. Бұл – мызғымас қағида. Қылмыскерлермен күрес ымырасыз жүргізілуге тиіс. Бірде бір құқық бұзушылықты елеусіз қалдыруға болмайды. Мұнда ұсақтүйек деген жоқ. Полиция қызметкері заңға бағынатын адамға құрметпен қарауы керек. Ал тәртіп бұзушылармен заң аясында сөйлесу қажет. Адамды азаптауға, қинауға, тергеудің тыйым салынған тәсілдерін қолдануға мүлдем жол берілмейді. Әрбір тәртіп сақшысы мұны жете түсінуге тиіс. Күнделікті жұмыста осы талаптар сақталса, азаматтардың полицияға деген сенімі артады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«Полицияға қоғам тарапынан да тиісті құрмет көрсетілуі керек»

Бұл ретте Мемлекет басшысы полицияға қоғам тарапынан да тиісті құрмет көрсетілуі керек деп санайды. Президенттің пікірінше, тәртіп сақшысының заңды талабына бағынбау, оған қоқан-лоққы көрсету, тіпті күш қолдану дұрыс емес. Мұндай жағдайда бұзақылар жауапсыз қалмауы қажет. Әлеуметтік желіде полицияға қатысты түрлі бейнежазбалар бар. Кейбір адамдар қасақана арандатушылық жасайды. Сондай кезде ұстамдылық танытып, дөрекі әрекеттерге жол бермеу өте маңызды. Тәртіп сақшысы сауатты сөйлеп, өзін лайықты ұстауы қажет.

«Ішкі істер органдарына қолдау көрсетіле береді»

Президент сөзін қорытындылай келе, ішкі істер органдарының жұмысын мемлекет жоғары бағалайтынын атап өтіп, соңғы үш жылда атқарылған нақты шаралар туралы айтты.

– Жалақыны бірнеше рет көтердік. Тұрғын үй төлемдерін алатын қызметкерлер көбейді. Қазір олардың саны 38 мыңнан асты. Ұлттық ұланға қолдау көрсетілуде. Материалдық-техникалық базаны нығайту үшін жыл сайын қомақты қаржы бөлініп отыр. Инновациялық технологиялар енгізілуде. Жалпы, ішкі істер органдарына қолдау көрсетіле береді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Құқық қорғау органдарында жүргізіліп жатқан реформалар жөнінде баяндамалар жасалды

Алқа мәжілісінде Ішкі істер министрі Марат Ахметжанов сөз сөйлеп, нашақорлық, адам саудасы, тұрмыстық зорлық-зомбылық сияқты қоғамдағы кеселдер мен қылмыстың алдын алу және оларға қарсы күрес шаралары, сондай-ақ, құқық қорғау

органдарында жүргізіліп жатқан реформалар жөнінде арнайы баяндама жасады.

Президент министрдің баяндамасына қатысты пікір білдіре отырып, нашақорлықпен және есірткі саудасымен күресу үшін құқық қорғау органдары шұғыл шаралар қабылдауы қажет екенін айтты. Сондай-ақ Мемлекет басшысы алаяқтықпен күресуге бағытталған алдын алу шараларын күшейту маңызды екеніне назар аударды.

Бұдан бөлек жиында Астана қаласы Полиция департаментінің бастығы Марат Төлебаев, Алматы қаласы Полиция департаментінің бастығы Арыстанғани Заппаров, Қарағанды облысы Полиция департаментінің бастығы Санжар Әділов баяндама жасады.

Жиын алдында Президентке полиция қызметінде қолданылатын цифрлық жобалар таныстырылды. Атап айтқанда, Мемлекет басшысына Ішкі істер органдарында киберқылмыс және есірткі қылмыстарына қарсы күрес, дактилоскопиялық тіркеу, отбасындағы зорлық-зомбылыққа профилактикалық бақылау жүргізу, көліктерді заңдастыру және жол-көлік апатының материалдарын сақтандыру компанияларына онлайн беру секілді маңызды міндеттердің орындалуын оңтайландыруға бағытталған цифрлық технологиялар енгізіліп жатқаны туралы баяндалды. Сондай-ақ Мемлекет басшысына Ұлттық ұлан мен Туристік полицияның жаңа формасы таныстырылды.

**Қазақстан Республикасы
Президентінің ресми сайты**

ТРАДИЦИЯМ ВЕРНЫ

Национальная гвардия Республики Казахстан славится не только примерным несением службы во всех сферах и регионах нашей необъятной Родины, но и искренним соблюдением воинских ритуалов и исторических традиций. Одна из таких традиций – уважение к родной истории и память о казахстанских героях. В этом плане можно отметить событие, которое в начале мая прошло в астанинском гарнизоне. В столичной оперативной бригаде на высоком уровне прошло торжественное мероприятие, посвященное двум знаменательным майским событиям – Дню защитника Отечества и Дню Победы.



Торжественное собрание началось с поздравительной речи заместителя министра внутренних дел - Главнокомандующего Национальной гвардией генерал-лейтенанта Еркина Ботаканова.

- Национальная гвардия Республики Казахстан неразрывно входит в единый оборонный комплекс и выполняет важную задачу по укреплению законности и правопорядка в стране, и прежде всего, сосредотачивает свои усилия в обеспечении общественной безопасности. На сегодня мы создаём новые подразделения для охраны важных государственных объектов, также формируем новые подразделения оперативного и специального назначения. Нам предстоит проделать большую работу по подготовке кадров, заниматься

боевой подготовкой и быть всегда готовыми к защите нашего Отечества, - отметил генерал-лейтенант Еркин Ботаканов.

Действительно, 7 мая – не простой день не только для военнослужащих Национальной гвардии, но и для всех казахстанцев. Ведь этот государственный праздник посвящен всем военнослужащим, обеспечивающим безопасность и защиту страны, ее независимости от любой внешней агрессии. Это касается и внешних и внутренних рубежей, на охране которых стоят уже много десятилетий войска правопорядка. Именно гвардейцы вместе с полицейскими и другими силовыми структурами встали на защиту конституционного строя и прав граждан Казахстана в январе 2022 года,

приняв на себя основной удар бесчинствующих толп. Свидетелем мужества и стойкости простых ребят в погонах Нацгвардии стала вся страна. Имена погибших батыров навечно внесены в историю страны.

Напомним, что именно 7 мая 1992 года Президент Казахстана подписал Указ «О создании Вооруженных Сил Республики Казахстан». Официальный статус праздника позже был зафиксирован в соответствующем законе Республики Казахстан.

Символично, что за праздником 7 мая наша страна празднует другой всенародный праздник – День Победы. Общеизвестный факт, что 9 мая все цивилизованное человечество отмечает 78-ю годовщину победы в Великой Отечественной войне. Казахстанцы плечом к плечу со многими странами и народами боролись против фашизма.

К сожалению, с каждым годом все меньше и меньше живых участников Великой Отечественной войны, чуть больше двух сотен. Время никого не щадит, и поэтому нам всем надо еще больше помнить огненные сороковые годы, когда представители всех пятнадцати союзных республик, в т.ч. и Казахстана плечом к плечу сражались с гитлеровскими полчищами, вторгшимися на советскую территорию. За время войны на фронт было призвано свыше 1 миллиона 200 тысяч казахстанцев, было создано более двадцати стрелковых дивизии и других формирований.

За воинскую службу сотни тысяч казахстанцев были награждены медалями и орденами, около пятисот человек стали Героями Советского



Союза. Четверо из них стали дважды Героями, 110 граждан нашей страны были награждены орденом Славы трех степеней. Каждый второй казахстанец, взявший в руки оружие, отдал свою жизнь за Победу – погибли в боях, скончались от ран и болезней, пропали без вести. Из плена не вернулись 630 тысяч человек.

Отрадно отметить, что сегодня каждый солдат и сержант, офицер и генерал Национальной гвардии знает о подвиге народа в военные годы и с большим уважением относится к подвигу наших дедов и прадедов, отстоявших мирное небо над нами. Образцовое несение службы является самым настоящим подтверждением этого факта. Нацгвардия, созданная 21 апреля 2014 года Указом Президента Республики Казахстан, стала наследником Внутренних войск МВД РК и сегодня надежно стоит на охране внутренних рубежей. Каждый год лучшие из лучших военнослужащих удостоиваются различных наград за успехи в службе.

2023 год не стал исключением. Приказами министра внутренних дел, его заместителя – Главнокомандующего Национальной гвардии РК и командира воинской части 5573 были награждены свыше 1700 военнослужащих всех категорий. Своих героев нашли нагрудные знаки, медали, грамоты и благодарственные письма.

- От всей души поздравляю всех с Днём защитника Отечества и Днём Победы. Также хотелось бы



поздравить Главнокомандующего Национальной гвардией - Еркина Советбековича с присвоением ему звания «генерал-лейтенант», а также заместителя Главнокомандующего Национальной гвардией по воспитательной и социально-правовой работе Кайрата Умбетова и Первого заместителя Командующего региональным командованием «Орталык» – начальника штаба полковника Нурбола Миртаева с вручением им звания «генерал-майор». К слову, Нурбол Сабденбекович является пятым моим курсантом, который был удостоен звания высшего офицерского состава. Желаю, чтобы Национальная гвардия процветала и оставалась твердой опорой конституционного строя страны, - выступил на мероприятии с приветственной речью ге-

нерал-майор Калиакпар Токушев.

Награждение достойных военнослужащих служит реальным образцом уважительного отношения и социальной справедливости в том вопросе, что всегда следует поощрять положительные примеры в службе и правильно мотивировать весь личный состав на качественное выполнение служебно-боевых задач в наше беспокойное и сложное время.

Сегодня в рядах Вооруженных Сил Казахстана, в том числе в Национальной гвардии Республики Казахстан служат сыновья, внуки и правнуки тех, кто добывал Победу в суровые 40-ые годы прошлого столетия. Они с гордостью чтут традиции старших поколений, соблюдая при этом преемственность.

В завершении мероприятия Ансамблем песни и танца Национальной гвардии были исполнены музыкальные и хореографические номера.

Поздравляем всех казахстанцев с Днем Защитника Отечества – с 31-й годовщиной Вооруженных Сил Республики Казахстан и 78-ой годовщиной со Дня Победы в Великой Отечественной войне, желаем всем вам крепкого здоровья, счастья, благополучия и успехов на благо процветания нашей Родины – Республики Казахстан!

**Полковник
Ерболат СУЛТАНОВ**



ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ ӘСКЕРИ КЕҢЕС ӨТТІ

Жерінің шетін жауға бастырмаған батыр бабалар ұлан-ғайыр даланы бізге аманат етті. Оны кейінгі ұрпаққа қалдыру – біздің парызымыз. Сол жолда елдіктің туын жықпай, жұрттың шырқын бұзбай көшті ілгері сүйреп өту оңай емес. Бұл істің ауыртпашылығы да, бар салмағы да қазақ әскерінің мойнына түседі. Елі үшін жанын беруге әзір ерлер мұны жақсы түсінеді. Сол үшін де көз ілмей қызметте тұрады, елге қорған болады. Үздіксіз жаттығып, өздерін дамытады. Осы мақсатта Ұлттық ұланның қол бастаған қолбасшылары, жеке құрамның жетекшісіне айналған командирлері мен олардың орынбасарлары «Орталық» өңірлік қолбасшылығына жиналып, шеберліктерін шыңдады. Тәжірибе алмасты. Бүгінге дейін атқарылған міндеттерге көз жүгіртіп, болашаққа жоспар құрды.



Командирлердің қауқары

2023 жылдың 20 маусымы күні Қарағанды облысында орналасқан «Қарабас» әскери оқу-жаттығу орталығында Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы өңірлік қолбасшылықтарының қолбасшылары, құрамалар мен әскери бөлімдердің командирлері және олардың орынбасарлары қатысқан бес күндік жедел дайындық жиыны басталды.

Кешенді түрде жоспарланған тәжірибелік сабақтар Әскери кеңес аясында ұйымдастырылды. Жиынға Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы генерал-лейтенант Еркін Ботақанов

өзі жетекшілік етті. Командалық буынның кәсіби даярлығын арттыру үшін ауқымды жиынға 80-нен астам аға және жоғары құрам офицерлері қатысты. Бес күн бойы командалық құрам жауынгерлік даярлықтың негізгі пәндері бойынша сынақтар тапсырды.

Олардың біліктілігі мен шеберлігін арттыру, тәжірибе алмасу, атыс, дене шынықтыру және әдістемелік даярлықтарын тексеру мақсатында жедел даярлық шаралары ұйымдастырылды. Командалық офицерлердің мемлекеттік-құқықтық дайындық пен жалпыәскери жарғыларды білу деңгейі, тактика, жедел

өнер және атыс дайындығын парқытау, сондай-ақ әскерлерді басқару бойынша білімдері тексерілді. Жиын барысында командирлер психологиялық және психофизиологиялық диагностика құралдарымен тестілеуден өтті.

Сондай-ақ, жиынға қатысушылар басшылық құжаттар мен бұйрықтарды білу бойынша тест түрінде сынақ тапсырды. Бұл ретте жиынды ұйымдастырушы «Орталық» өңірлік қолбасшылығы практикалық сабақтарды өткізуге баса назар аударған. Онда командирлер әртүрлі қару түрлерінен, соның ішінде түнгі жағдайларда ату, штаттық жауынгерлік техниканы жүргізу бойынша өз дағдыларын көрсетеді деп жоспарланған.

Сонымен жиынның алғашқы күні Ұлттық ұланның әскери басшылық құрамы таңмен таласа тұрып, дене шынықтыру дайындығы бойынша сынақтар тапсырды. Одан кейін «Қарабас» оқу орталығында жауынгерлік атыс жүргізудегі жаңа әдіс-тәсілдерін көрсетті. Сондай-ақ батальондық тактикалық топтармен жұмыс жүргізудің қыр-сырына үңілді. Бұдан бөлек сардарлар дала лагерін құру ережелерімен жақынырақ танысып, заманауи бекініс құру үлгілерін тамашалады. Теориялық сабақтар аяқталғаннан кейін командирлер мен олардың орынбасарлары сынақ тапсырды.

Жеке құрам алдында сөз сөйлеген Бас қолбасшы генерал-лейтенант Еркін Ботақанов әскери салада түрлі жаңашылдықтар болып жатқанын және тактикалық тәсілдердің біршама өзгеріске ұшырағанын айтты. Әсіресе, Ұлттық ұлан жауынгерлерінің біліктілігін жетілдіруге жіті назар аудару қажеттігіне тоқталды.

Беларусьтермен жүздесу

Жиынның екінші күні «Спасск» оқу-жаттығу орталығында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы генерал-лейтенант Екін Ботақанов елімізге жұмыс сапарымен келген Беларусь Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі



әскерлерінің делегациясымен кездесу өткізді.

- Біз сіздерді «Спасск» оқу орталығының аумағында көргенімізге қуаныштымыз. Қазіргі уақытта орталықта Ұлттық ұланның өңірлік қолбасшылықтар қолбасшылары, құрамалар мен әскери бөлімдер командирлері және олардың орынбасарларымен жедел дайындық бойынша оқу-әдістемелік жиындар өтуде. Бүгін олар түрлі қарулардан оқ ату бойынша тәжірибе алмасып жатыр. Бұл оқу-жаттығу жиындарына 80-нен астам офицер тартылған. Сондай-ақ осы кездесуді пайдалана отырып, сіздерге екі ел арасындағы әскери қарым-қатынастың нығаюына қосқан үлестеріңіз үшін шексіз алғысымды білдіремін, – деді генерал-лейтенант Еркін Ботақанов.

Кездесу барысында тараптар Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы мен Беларусь Республикасының ішкі әскерлері арасындағы ішкі қызметті және қауіпсіздікті ұйымдастыру перспективаларын талқылады.

Жүздесуде сөз алған Беларусь Республикасы Ішкі әскерлері қолбасшысының бірінші орынбасары генерал-майор Игорь Бурмистров делегация мүшелерін таныстырып, Ұлттық ұланның Бас қолбасшылығына жылы шырайда қарсы алғаны үшін алғысын жеткізді.

Сондай-ақ генерал-лейтенант Еркін Советбекұлы делегация басшысы генерал-майор Игорь Бурмистровты «Ұлттық ұланның үздігі» төсбелгісімен марапаттап, естелік сыйлықтар табыс етті. Бұдан бөлек Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы Беларусь елінің өкілдерін «Күрең берет» сынағына бақылаушы болуға шақырды.

Құрметті қонақтарға Ұлттық

ұлан бөлімшелері «Зансыз қаруланған қаскөйлерді іздестіру және олардың жолын кесу бойынша батальондық тактикалық топтың арнайы операциясы» тақырыбында жаттығулар көрсетті.

Осыдан соң қонақтар «КарЛаг» саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу музейіне экскурсия жасады. Генерал-майор Игорь Бурмистров «Мұражайдың құрметті қонақтары» кітабына қолтаңба қалдырды. Бұдан кейін меймандар «XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін құрбандары» мемориалына гүл шоқтарын қойды.

Шетелдік делегация бұған дейін де елорда төріндегі Бас қолбасшылықтың мәжіліс залында ҚР Ұлттық ұланы Бас қолбасшысының бірінші орынбасары – Бас штаб бастығы генерал-майор Қайрат Ақтановпен кездесу өткізген еді. Ол кезде қонақтар құқықтық тәртіп әскерінің



қызметтік және жауынгерлік тапсырмасымен танысқан болатын.

Сонымен қатар олар 5573 әскери бөліміне барып, елордалық жедел

бригаданың қызметтік-жауынгерлік іс-әрекетімен және «Үркер» тұрғын алабындағы әскери қалашықтың инфрақұрылымымен танысты.

Осы тұста айта кетейік, 21 маусым күні Ұлттық ұланның басшылық құрамы Беларусь елінің өкілдері келген «Спасск» оқу-жаттығу орталығында түрлі қарулардан оқ ату бойынша сынақ тапсырды. Олардың оқу-әдістемелік жаттығулары Беларусь әскерілерінің сапарымен тұспа-тұс келді.

Командирлер бастаған қатысушылар БМП, БТР-80 техникаларынан үш бағытта ату жаттығуларын орындады. Сондай-ақ, олар танкке қарсы СПГ-9, РПГ-7, АГС-17 қаруларымен және жеңіл брондалған нысаналар мен жау әскерін жоюға арналған НСВ пулеметінен сынға түсті. ЗУ-23 зениттік пулеметін қолдана отырып нысаналарды жойды.

Офицерлер атқан оқ

Келесі күні Қарағанды облысында орналасқан «Қарабас» оқу орталығында «Ұлттық ұлан базасындағы түрлі қару түрлерінен оқ ату жаттығуларын орындау» атты атыс дайындығы бойынша практикалық сабақтар өтті.

Атыс алаңында офицерлер әртүрлі позицияда қару-жарақтан белгілі бір нысандарға оқ жаудырды. Сонымен қатар, командирлер жарылғыш снарядтарды атудың дәлдігі мен жылдамдығын пысықтады. Атап айтқанда, командирлер мен олардың

орынбасарлары тапаншаларды, автоматтарды, тегіс ұңғылы мылтықтарды, граната атқыштар мен пулеметтерді қолдана отырып, күндіз-түні



қозғалмайтын, пайда болатын және қозғалатын нысандарға ату дағдыларын көрсетті. Сонымен қоса, жараланған жауынгерлерге алғашқы медициналық жәрдем беру жөнінде көрнекі сабақ өткізді.

ҚР Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы мен оның орынбасары генерал-майор Бауыржан Әбжанов оқу-жаттығу барысында әртүрлі позицияда қару-жарақтан оқ атып, арнайы жасақ жауынгерлерімен бірге күрделі жаттығу орындап, қол граната лақтырды.

- Бүгін Ұлттық ұлан әскерлерінің командалық құрамымен жедел жиындардың үшінші күні өтті. Кеше біз Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Спасск» полигонында топтық және ұжымдық қарудан атыс жүргіздік. Бүгін біз ресейлік және батыстық өндірістегі қару-жарақтан оқ атып жатырмыз. Қазіргі уақытта «Урал» және «Тигр» автокөлігінен атыс жүргізілуде. Бұл сабақтардың мақсаты – әскеріміздің командалық құрамын ағыс дайындығының тактикасы бойынша жетілдіру. Өйткені командирлер әрқашан және барлық нәрседе үлгілі болуы керек. Олар біздің Қарулы Күштеріміздің барлық қару-жарақтарын жеке өзі ата білуге міндетті. Генералдар мен офицерлер әртүрлі қарулардан, соның ішінде Ұлттық ұлан штатында бар жауынгерлік техникадан ату кезінде тамаша дағдыларға ие екенін атап өткім келеді, - деді Бас қолбасшының орынбасары генерал-майор Бауыржан Әбжанов.

Сондай-ақ командирлер аттеста-

ция аясында Макаров тапаншасынан оқ атып, сынақ тапсырды. Оқ жауып тұрған сәтте қол гранаталарын ғимараттың қасбетіне дәл лақтыру бойынша сынға түсті. Бұдан бөлек қарсы қарауылдан Калашников автоматы мен Макаров тапанша қаруын қолдану арқылы атыс жүргізді.

Түстен кейін үш топқа бөлінген басшылық құрам Долинка кентіндегі 6505 әскери бөліміне арнайы барды. Бұл жерде олар әскери бөлімді басқару және жауынгерлік қызметті үйлестіру мәселелері төңірегінде практикалық сабақтарға қатысты.

Сондай-ақ командирлер бастаған қатысушылар мәдени демалыс бағдарламасы бойынша саяси қуғын-сүргін құрбандарына ар-



налған «КарЛаг» музейіне атбасын бұрды. Мұнда олар қуғын-сүргінге ұшыраған зиялылардың әйелдері

жайлы деректермен танысты. Тауқыметті тағдыр иелерінің өмірінен сыр шертетін жәдігерлерді тамашалады.

БТР мінген батырлар

Жиынның төртінші күні Ұлттық ұланның басшылық құрамы Чкалов су қоймасында БТР көліктерімен су айдынындағы жаттығуларды орындады. Алдымен олар техниканы қолдану кезіндегі қауіпсіздік шараларымен және көлікті су айдынында басқару ережелерімен танысты. Содан кейін судағы кедергілерден айналып өтті.

- Бүгін өңірлік қолбасшылықтардың, Ұлттық ұлан құрамалары мен бөлімдерінің басшыларымен оқу-әдістемелік жиынның 4-ші күні өтіп жатыр. Олар Чкалов су қоймасында су кедергілерін еңсеру бойынша практикалық дағдылары мен шеберліктерін шыңдауда. Командирлер қауіпсіздік шараларын, жаттығуды орындау шарттарын, БТР-80 техникасын жүргізуге дайындау тәртібін зерделеді. Сондай-ақ судағы кедергілерді еңсеруге арналған маневрлерді орындады, - деді Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының техника және қару-жарақ жөніндегі орынбасары генерал-майор Константин Воронкин.

Күрделі тапсырмалар мұнымен аяқталған жоқ. Бұдан кейін қаруы бар әскери техниканы қауіпсіз аймаққа шығару жаттығулары орындалды.

Сондай-ақ оқу-жаттығу жиынында командирлерге дала жағдайында әскери көліктерге жанармай құюды



басшылық, өңірлік қолбасшылық, құрама, полк, батальон және рота мен взводта тәрбие жұмысын қалай өткізу қажет екені анық жазылған. Әр санаттағы жеке құрамның ерекшелігі ескеріліген жаңа бұйрық, бұл бағытта ерекше серпін беретініне кәміл сенеміз, - деді әскердің Бас тәрбиешісі генерал-майор Қайрат Үмбетов.

Алдағы міндеттер айқындалды

Маусымның 24-і күні Қарағанды қаласында Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының басшылық құрамының қатысуымен Әскери кеңестің көшпелі отырысы өтті. Алқалы жиында құқықтық тәртіп әскерінің 2023 жылдың бірінші жарты жылдығындағы қызметтік-жауынгерлік даярлық жұмыстары қорытындыланды.

ұйымдастыру жұмыстары көрсетілді.

- «Урал 4320 АТЗ» әскери көлігінің көмегімен тығыздығы 0.83-тен аспайтын жеңіл мұнай өнімдері тасымалданады. Оның көмегімен сұйық отынды қысқа мерзімді сақтауға және әскери көліктерге құюға болады. Далалық жанармай құю бекеті бір топ шынжыр табанды және доңғалақты машиналарға бірмезетте жанармай құюға шақталған. Цистерналы «Уралдың» бөлек тіркемесі бар. Онда жұқа сүзгі, есептегіш, қысым тарату жүйесі, сұйық отынды тарату крандары, бекітуге арналған арматура секілді өзге де құралдар орналасқан. Біз бүгін осылардың көмегімен дала жағдайында жанармай құю процесін көрсеттік. Мұндай жанармай құю пункті 14 машинаға бір мезгілде жанармай толтырып бере алады, - деді Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының тыл жөніндегі орынбасары Жандос Омарқұлов.

Оқу-әдістемелік жиын барысында қатысушылар броньды техникалардан бөлек «Тигр», «Урал ВВ» секілді әскери машиналарды да жүргізіп, тәжірибе жинады.

Жедел даярлық барысында командирлер мен олардың орынбасарларына барлығы 28 сабақ өткізілгенін атап өткен жөн.

- ҚР Ұлттық ұланы әскерінің қолбасшылары, командирлері және олардың орынбасарларымен ұйымдастырылып жатқан Жедел дайындық сабақтарының соңғы бөлімдері өткізілуде. Біз аталған санаттағы әскери қызметшілермен мемлекеттік-құқықтық дайындық аясында «Ұлттық ұланда Жаңа жағдайда

тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстарын жүргізу» атты сабақ өткіздік.



Кез келген командир заманға сай, жаңа талаптарды ескере отырып жеке құрамды тәрбиелеу қажет. Бұл сабақ арқылы біз командирлерге жеке құраммен тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстарды ұйымдастыру мен өткізудің жаңа формаларын, түрлерін және әдістерін үйреттік. Оның негізгісі ҚР ІІМ орынбасары - Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының бұйрығымен бекітілген «Ұлттық ұлан жеке құраммен тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстарды ұйымдастыру бойынша Басшылық» құжатымен таныстырдық. Аталмыш бұйрық биыл ғана қолданысқа енгізілді. Әскердегі тәрбие жұмысына қатысты жаңа құжат болып саналады. Онда тәрбие және идеологиялық бағытқа байланысты барлық өзгерістер ескеріліп, Бас қол-

Әскери кеңесте ҚР Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы генерал-лейтенант Еркін Ботақанов төрағалық етті. Отырысқа Ұлттық ұланның өңірлік қолбасшылықтарының қолбасшылары, әскери бөлім командирлері мен олардың орынбасарлары қатысты. Күн тәртібіне 2023 жылдың бірінші жартыжылдығындағы қызметтік-жауынгерлік іс-әрекетін қорытындылау және алдағы кезеңдерге арналған міндеттерді айқындау мәселелері қойылды. Осыдан соң Бас қолбасшы Ұлттық ұланның ауқымды жұмыстарына тоқталып, биылғы мамыр айында өткен Бүкілармиялық кеңес кезінде ҚР Президенті – Қарулы күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бекіткен



тапсырмалардың орындалуы жөнінде сөз сөйледі. Іс-шара барысында Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының бірінші орынбасары – Бас штаб бастығы генерал-майор Қайрат Ақтанов Ұлттық ұланның авиациясы, қызметтік-жауынгерлік іс-әрекетін ұйымдастыру, арнайы мақсаттағы бөлімшелер, техникамен қамту, тылдық қамтамасыз ету шаралары, стратегиялық құжаттар, кадрлық жұмыстар, спорттық жетістіктер секілді жұмыстар жөнінде баяндама жасады. Оның айтуынша, ұландық жауынгерлердің патрульдік-бекеттік қызметі барысында барлығы 978 тапсырма орындалған. Сонымен қатар сарбаздар ауқымды деңгейдегі 96 іс-шараның өтуіне атсалысып, 2 742 құқықбұзушыны құрықтаған.

Сондай-ақ Әскери кеңес аясында «Орталық» өңірлік қолбасшылығы ұйымдастырған жедел даярлық бойынша Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының орынбасары генерал-майор Бауыржан Әбжанов сөз сөйледі. Ал Ұлттық ұлан Бас тәрбиешісі ге-

нерал-майор Қайрат Үмбетов 6506 әскери бөлімінде өткізген кешенді топтың жұмыс нәтижелері бойынша баяндама жасады. Сонымен қатар өңірлік қолбасшылық қолбасшылары мен кейбір әскери бөлім басшыларына сөз берілді.

Жиын барысында Бас қолбасшы



қызметінде олқылық жіберген және міндетіне салғырт қараған кей командирлерге ауызша ескерту жасаса, енді бірін үздік көрсеткен нәтижелері үшін жоғары командирлік ла-

уазымға тағайындады. Әсіресе, қызметтік-жауынгерлік іс-әрекетте жоғары нәтиже көрсеткен командирлерге шексіз алғысын білдірді. Сонымен қатар әскери қызметшілердің моральдық-психологиялық жай-күйіне, сондай-ақ әскери ортада әскери тәртіп пен құқықтық тәртіпті сақтау бойынша шараларға ерекше назар аударды.

- Жарты жылда атқарылған жұмыстардың нәтижесі жаман емес. Барлық жауынгерлік қызметтің тапсырмалары ойдағыдай орындалды. Жұмыстар сапалы атқарылған. Жауынгерлік қызметпен, әскери даярлықтар да ұдайы жүргізіліп отыр. Тылдық қамтамасыз ету, қару-жарак техника жағынан алып қарасақ та көп елеулі өзгеріс бар. Мұндай оң өзгерістер әлі де болады. Сондықтан өздеріңізге жүктелген тапсырмаларды асқан жауапкершілікпен орындайды деп сенемін, - деді Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы генерал-лейтенант Еркін Ботақанов.

**Қатардағы
Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ
Астана - Қарағанды - Астана**



«Жаңа Қазақстанды» бірге құраймыз!»

Ұлттық ұлан – мемлекеттің ішкі қуаты. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болу үшін әскерімізде тағылымды тәрбие болуы шарт. Қоғамда тағылымды ой-пікірімен бөлісіп жүрген ғалым, тарихшы, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Амангелді Толамисовты әңгімеге тартқан болатынбыз. Келелі әңгімемізді өздеріңіздің назарларыңызға ұсынамыз.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев бір сөзінде елімізді «Екінші Республика», «Жаңа Қазақстан» деп атап өтті. Сіз тарихшы ретінде осы атауларға түсініктеме беріп өтсеңіз. Біз қазір жаңа тарихи кезеңге аяқ бастық па?



– Жалпы, бұл идеологемалардың мәні бір, тек атауларында ғана айырмашылық бар. Алайда, Жолдау айтылды, енді біз бірден «Жаңа Қазақстанға» өтіп кеттік деген сөз шындыққа жанаспайды. Жаңа Қазақстанды құру бір сәтте іске аса қоймайды. Бұл - өз кезегінде қоғамдық трансформацияның терең және ұзақ процесі. Жаңа Қазақстанды бәріміз ел болып бірге құрамыз. Оның әр кезеңінде біздің әрқайсысымыздың үлесіміз болуы тиіс. Яғни әр адам мемлекеттің жайын жоғарыдағы басшыларға ғана тапсырып қойып, өзі бейқам өмір сүрсе немесе мемлекеттің мақсат-мүддесіне мүлде құлақ аспаса, «жанарып» кетуіміз

екіталай. Сол үшін әр азамат Жаңа Қазақстанды өзінен бастауы керек.

– Қаңтар оқиғасынан кейін елімізде қандай өзгерістер орын алып жатыр? Бұл өзгерісті қазіргі қоғам қалай қабылдауда?

– Қаңтар қасіретті де ауыр кезеңнің бірі болып тарих қойнауына кетті. Алайда, ол қаншалықты ауыр болса, соншалықты біздің елдегі жемқор, лас жүйені тазартуға, қоғам өміріне әділеттілік орнатуға жаңа трансформацияны өмірге әкелді. Қаңтардан кейін биліктегі көптеген ауыс-түйіс, өзгерісті халық көріп отыр. Оның бағасын беретін уақыт әлі алда. Тек биліктегі азаматтар халықтың қамын жеп, әлеуетін өсіруге тер төксе деген тілектемін.

– Бұрынғы тарихи тәжірибемізді ескере отырып, бүгінде елімізге қандай идеология қажет? Ұлттық идеямыз бар ма?

– Бір мемлекеттің идеологиясы дегеніміз бір адамның ойынан шыққан дүние болмауы керек. Мысалы, бұл сұрағыңызға мен мынандай идеология керек деп төтесінен жауап беруіме болмайды. Себебі бұл сөздің артында біздің өткеніміз, бүгінгіміз және болашағымыз да бар. Әсіресе ел ретінде талай қиын-қыстау кезеңдер мен айтулы белестеріміз тұр. Мұның бәрінде халықтың үні бар. Сондықтан идеология – ең әуелі халық үніне құлақ аса отырып сызылатын шеңбер сынды дөңгелек дүние. Ол қисық, я болмаса бірде бұлай, бірде олай бағытқа бастайтын соқпақты жол сынды болмауы тиіс. Бізге қандай идеология керегін – ел болып, ел басқаратын азаматтардың біріккен үні болып қана нақты ай-

туымызға болады деп ойлаймын.

– Қазіргі әлемдік құрылымда Қазақстан Республикасы үшін қауіп-қатер қайдан болуы мүмкін деп ойлайсыз?

– Қауіп-қатер деген нәрсені нақты мына жақтан болады деп дөп басып айтуға болмайды. Әсіресе сыртқы саясатта оның қай жақтан және нақты қандай формада келетінін түбегейлі біле бермейміз. Ол сонысымен де қауіп-қатер деп аталады. Ең бастысы қай сәтте қандай қауіп төнсе де ел ішіндегі дайындық мықты болуы керек.

– Елдегі саяси-әлеуметтік жағдай қандай деңгейде? Болашақта қандай қауіп-қатерлер пайда болуы мүмкін?

– Қазір елімізде саяси-әлеуметтік жағдай төмен я болмаса жоғары деңгейде деп айту шындыққа жанаспайды. Тұтас бір мемлекет болған соң, оның ішінде 100-ден астам ұлт өкілдері, түрлі деңгейдегі қоғам өмір сүріп жатқан соң тамырдың соғысындай бүлкілдеген тіршілік бар, түрлі сана мен пікір бар. Алайда бізде тұрақтылық пен біртұтастық қалыптасқан. Ол Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының шебер дипломат, мықты саясаткер екендігінің айқын дәлелі.

– Бүгінгі таңда Қазақстан әскерінің әлеуеті қандай? Біз бәсекеге қабілетті әскерді құра алдық па?

– Әскердің әлеуеті елге қауіп-қатер төнгенде көрінеді. Ал бәсекеге қабілетті әскер құру үшін елімізде әскери сала қызметкерлеріне барлық жағдай жасалып жатыр. Тұрғын үй, жалақы, қосымша жәрдемақы мәселелері шешілген. Соны ескере отырып айтсақ, тұрмысы түзу әскер әрине, бәсекеге қабілетті болады деп ойлаймын. Жалпы «жар астында жау жоқ деме» деген қазақтың бірауыз сөзіне құлақ түретін, алайда аспаны бейбіт, халқы береке-бірліктегі ел

бола берейік әрдайым.

– Қаңтар оқиғасынан қандай сабақ алуымыз керек?

– Қаңтар оқиғасы – тек біздің ғана емес, жемқорлық, ұрлық-қарлық, әділетсіздік жайлаған барша мемлекеттерге сабақ болуы тиіс. Халық қай мемлекетте де, қай жерде де – халық. Ал біздің мемлекет басшысының ең биік мақсаты да – халыққа құлақ асатын әділетті Қазақстанды қалыптастыру.

– Полиция қызметкерлері мен Ұлттық ұлан әскери қызметкерлерінің ел тыныштығын сақтаудағы орны туралы айтып өтсеңіз.

– Әрине, полиция қызметкерлері мен Ұлттық ұланның бейбіт еліміздегі орны бөлек екенін мен айтпасам да, халық біледі ғой. Әскері мықты ел – болашағына сенімді ел дер едім. Сондықтан тәртіп сақшылар, әскери қызметтегі әр азамат – өзінің қасиетті борышына адал, Антқа берік болғаны ләзім. Ал осы саладағы басшыларға айтарым, әрдайым әділетті, темірдей тәртіпті қолдайтын тұлға болулары тиіс. Әскерилер де ет пен сүйектен жаралған адам, олардың да бала-шағасы, әке-шешесі бар. Артық күш көрсету, бопсалау сынды адам аузы бармайтын арсыз



әрекеттерден оларды басшыларының өзі тікелей қорғауы керек. Әскерилердің құқығы ешқашан жерге тапталмасын.

– Әскердегі отансүйгіштік тәрбиімен мемлекеттік тіл аясын кеңейту туралы айтып өтсеңіз. Қазақстандық патриотизмді қалай түсінесіз? Жастарды елжандылыққа тәрбиелеудегі ұлттық идея қандай болуы керек?

– Мен өзім тарихшы ретінде айтсам, әрине, ең әуелі өткен тарихын, ата-бабасының ерлігін жатқа білуі тиіс бүгінгі әскерде-

гі жастар. Онсыз Отанды сүю, ұлтқа қызмет ету деген бекершілік. Өткенін білмеген – болашағын болжай алмас дегендей, бабалар ерлігін ұмытпайық! Ана тілімізді қастерлейік! Бізде бір ғана Отан, бір ғана туған тіліміз бар. Бұл екеуі көздің ағы мен қарасындай қорғалуы тиіс.

Сұхбаттасқан
подполковник
Дарын СЕЙТОВ



БІЗ БОЛМАСАҚ, ОНДА КІМ?

Қазақстанда мемлекеттік органдардың әскери қызметшілері мен арнайы мақсаттағы бөлімшелерінің қызметкерлері күні атап өтілді. Бұл мереке қаза тапқан қызметкерлерге және мемлекеттің конституциялық жүйесі мен егемендігін күн сайын қорғаушыларға құрмет көрсету болып саналады. Олар елдің ұлттық және қоғамдық қауіпсіздігіне баға жетпес үлес қосып келеді. Олар өз ведомстволарында элиталық бөлімшелер деп аталады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланында қылмысқа қарсы күрестің шыңында тұрған, бірақ көп көзге түсе бермейтін мамандардың кәсіби мерекесі атап өтілді. Осыған орай елордалық жедел бригадада Ұлттық ұланның ғана емес, басқа да күштік ведомстволардың арнайы бөлімшелерінің әскери қызметшілерінің қатысуымен салтанатты жиналыс өтті.

Іс-шараға қатысушылар мен қонақтар Ұлттық ұланның «Бүркіт» арнайы мақсаттағы бөлімшелерінде жарактандырылған жауынгерлік техникамен және қару-жарақтардың заманауи үлгілерімен танысты.

Содан кейін іс-шараның салта-

натты бөлігі басталды. Арнайы жасақ жауынгерлерінің алдында Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы генерал-лейтенант Еркін Ботақанов сөз сөйледі. Айта кету керек, Еркін Советбекұлы – Қазақстанның арнайы мақсаттағы бөлімшелерінің Үйлестіру кеңесінің басшысы.

Бас қолбасшы 2021 жылы Үкіметтің қаулысымен бекітілген арнайы Күштердің кәсіби мерекесінің басталу тарихына қысқаша тоқталды.

– 2016 жылғы 9 маусымда Қазақстанда Қауіпсіздік кеңесі жанынан мемлекеттік органдардың арнайы мақсаттағы бөлімшелерінің үйлестіру кеңесін құру туралы шешім

қабылданды. Арнайы күштердің ерекше міндеттерді орындау кезіндегі батыл әрекеттері аға буынның жылдар бойы жинаған тәжірибесін, ерекше кәсіптегі адамдардың қалыптасқан дәстүрлерін растайды және сабақтастықты көрсетеді. Қызметтік-жауынгерлік және арнаулы міндеттерді орындаудағы батылдығы мен жанқиярлығы үшін олардың көпшілігі мемлекеттік наградалармен марапатталды. Ұлттық ұланның дамуы туралы айта отырып, Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау үшін әскерлерде арнайы және жедел мақсаттағы бөлімшелерді күшейту бойынша іс-шаралар кешені жүргізіліп жатқанын ерекше атап өткім келеді, – деді генерал-лейтенант Еркін Ботақанов.

Әскерлердің жауынгерлік әлеуетін арттыру мақсатында «Бүркіт» арнайы жасақ бөлімшелері құрылды. Мәселен, қазіргі уақытта арнайы мақсаттағы алты бөлімше қосымша құрылды. Бұл осы бөлімшелердегі күштерді ауыстыруды қажет етпей, оларды орналастыру орындарында қолданудың жеделдігін арттырды.



Жыл басынан бері «Бүркіт» арнайы мақсаттағы бөлімшелері тұрақты қылмыстық топтардың қызметін тоқтату бойынша бірнеше бірлескен ауқымды арнайы операциялар жүргізді. Операция барысында 70-тен астам түрлі қару-жарақ, 5 мың оқ дәрі және 300 келіге жуық есірткі құралдары тәркіленді.

– Біз арнайы мақсаттағы бөлімшелерде қызмет өткеру үшін кандидаттарды іріктеуге ерекше назар аударамыз. Оларға дене шынықтыру, психологиялық тұрақтылық және атыс дайындығы бойынша жоғары талаптар қойылады.

Мысалы, жыл сайын «Бүркіт» арнайы мақсаттағы әскери қызметшілердің біліктілік сынақтары әртүрлі климаттық жағдайларда және жер бедерінің әртүрлі жағдайларында жүргізіледі. Мұндай іс-шараларды өткізу армияның қоғамдағы беделі мен абыройын, әскери қызметтің сапасын көтеруге және өскелең ұрпақты патриоттыққа тәрбиелеуге ықпал етеді. Сонымен қатар Ұлттық ұланның арнайы мақсаттағы бөлімшелері Қазақстанның басқа да арнайы бөлімшелерімен бірге халықаралық жарыстар мен оқу-жаттығуларға үнемі қатысады, онда жоғары жауынгерлік дағдыларын көрсете отырып, бірінші орын алады, - деп атап өтті Еркін Советбекұлы.

Бас қолбасшының айтуынша, жастарды әскери қызметке дайындаудың маңызды аспектілерінің бірі – әскерге шақырылған және әскерге шақырылғанға дейінгі жастармен әскери-патриоттық жұмыс.

– Мемлекет басшысының әскерге шақырылатын және әскерге шақырылғанға дейінгі жастармен жұмысты күшейту, оларды патриотизм рухында тәрбиелеу және Отанға қызмет ету туралы тапсырмаларын іске асыру шеңберінде 2022 жылы Ішкі істер министрлігінің бастамасымен Ұлттық ұланның арнайы мақсаттағы бөлімшелері туралы «Бүркіт» атты көркемфильм түсірілді.

Фильмді жасаушылардың басты мақсаты – кино кейіпкерлері арқылы ар-намыс, достық пен патриотизм, Отанға деген сүйіспеншілік, Әскери ант пен қызметтік борышқа адалдық туралы әңгімелеу. Сонымен қатар, Ұлттық ұлан арнайы күштері қызметінің призмасы арқылы көрерменге Қазақстанның арнайы мақсаттағы бөлімшелерінің негізгі функциялары туралы жеткізу.

Бүгін осы фильмнің жабық көрсетілімі өтеді. Мен сіздерді осы көркем картинаны көруге шақырамын, – деді әскердің Бас қолбасшысы өз сөзінде.

Содан кейін ол әскерлердің Бас қолбасшылығы мен арнайы мақ-

саттағы бөлімшелердің үйлестіру кеңесінің атынан барлық әскери қызметшілерді және арнайы мақсаттағы бөлімшелердің қызметкерлерін құттықтап, Отан игілігі жолындағы жауынгерлік істеріне табыс тіледі.

Бас қолбасшы арнайы жасақтардың жауынгерлік жұмыс күндері бір минутқа да тоқтамайтынын атап өтіп, оларға мықты денсаулық, әскери қызметте табыс тіледі және әрқашан жауынгерлік тапсырмадан немесе кезекшіліктен аман-есен оралуын тіледі.

Іс-шараның салтанатты бөлігі Ішкі істер министрінің және әскерлердің Бас қолбасшысының қызметтік-жауынгерлік іс-әрекетте ерекше көзге түскен жауынгерлерді марапаттау туралы бұйрықтарын жеткізумен аяқталды. Ұлттық ұланның және өзара іс-қимыл жасайтын органдардың бірқатар әскери қызметшілеріне құрмет грамоталары, төсбелгілер және алғыс хаттар табыс етілді.

Іс-шара Ән-би Ансамблінің концерттік бағдарламасымен аяқталды. Музыкалық ұжым солистері «Біз болмасақ онда кім?», «Ұландар», «Егемен ел Қазақстан», «Так хочется жить» әндерін орындады. Концерттің соңында ҚР еңбек сіңірген қайраткері запастағы полковник Рахметжан Шамұратов Ұлттық ұланның әнұранына айналған «Сол балалар үшін» композициясын





орындады.

Сол күні «Қазмедиа орталығының» кино-концерт залында Мәдениет және спорт министрлігінің ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының тапсырысы бойынша өткен жылдың күзінде түсірілген «Бүркіт» көркемфильмінің жабық көрсетілімі өтті.

Фильмнің премьерасы басталар

бют деп айтуға болады.

Өз кезегінде арнайы күштердің ардагері, «Айбын» орденінің иегері запастағы полковник Камал Жақсылықов көрермендерге фильм түсірудің бастапқы идеясы туралы айтып берді.

– Идея 2018 жылы «Қазбат» фильмін түсіру кезінде марқұм генерал Мұхаметқали Саатовтың тара-

Фильм арнайы жасақ жауынгерлерінің рөлін сомдаған басты кейіпкерлердің бірі актер Дәурен Серғазин кинода арнайы күштерде қызмет ететін үш достың өмірі суреттелетінін айтты. Олардың күнделікті міндеттері қауіпті қылмыстық топтарға қарсы тұру. Қарама-қайшылыққа толы сәттердің бірінде олардың достық байланыстары сынға түседі.

– Фильм түсіру өте қиын болды. Сюжет бойынша мен Русланның рөлін ойнаймын. Оқиға желісі бойынша маған казиноны жедел барлау үшін карта ойыншысына айналуға тура келеді. Түсірілім барысында көбірек физикалық күш жұмсалды. Өмірде мен спортқа жақынмын, бірақ жүктемелер бәрібір сезілді. Күрең беретке қатысты сахналарды қысқа уақыт ішінде түсірілгендіктен қиындықтар болды. Бірақ мен қиындықтарды жақсы көремін, – дейді актер.

90 минуттық фильмнің жабық көрсетілімі бір деммен өтті. Көрермендер атыс, төбелес және қуғын-сүргін көріністері басым экшн жанрында түсірілген фильмді тамашалады. Фильм сонымен қатар каскадерлік трюктерге, жарылыстарға және арнайы эффектілерге толы.

– Кино өте сенімді түрде түсірілген. Әсіресе, жауынгерлердің күрең берет емтиханына деген көзқарасы жақсы берілген. Фильмде әр әскери қызметкердің осы даңқты беретті алуға деген ұмтылысы жақсы жеткізілді. Бұл әр арнайы жасақ жауынгері үшін үлкен мақсат. Кейбір көріністер көзге еріксіз жас үйіреді. Сонымен қатар, фильмде арнайы жасақ жауынгерлерінің күнделікті өмірі, ауыр жұмыс салдарынан шиеленіскен отбасылық қарым-қатынастар да көрсетілген.

Ең бастысы – фильм өте әсерлі болып шықты. Көптеген арнайы эффектілерге, каскадерлік трюктерге толы екен. Сондай-ақ актерлердің тамаша ойынын ерекше атап өткім келеді, – деді фильмнің қоюшы-режиссері Данияр Ибрагимов.

Айта кетейік, аталмыш еңбек әлі де пысықталатын болады. Туынды ұлттық киноны қолдау орталығына түпкілікті тапсырылғаннан кейін ғана толық аяқталған болып саналады. Кино биылғы жылдың күз айында кинотеатрларда көрсетіледі деп жоспарланған.

**ҚР Ұлттық ұланының
баспасөз қызметі**



алдында қазақстандық кинематографияда «Алтыншы пост» және «Қазбат» әскери картиналарын жасаушылардың бірі ретінде танымал маман, фильмнің қоюшы-режиссері Данияр Ибрагимов сахнаға шақырылды. Сондай-ақ соғыс сахналары бойынша продюсер Камал Жақсылықов және театр мен кино актері Дәурен Серғазин сөз сөйледі.

Фильмді жасаушылар көрермендерге идеяның пайда болуы, фильмнің экшн-трюктерінің күрделілігі туралы қысқаша айтып берді. Сонымен қатар кинокартинаны түсіру кезінде жан-жақты қолдау көрсеткені үшін ведомство басшыларына алғыстарын білдірді.

– Бұл фильм шынайы оқиғаларға негізделген. Туынды күрең беретке ие болу мақсатында ең қатал сынақтардан өткен үш кейіпкердің өмір жолын арқау етеді. Сонымен қатар фильмнің сюжеті жеделдіздірету іс-шаралары мен нақты арнайы операцияларға қатысқан кейіпкерлерге негізделген. Бұл біздің әскерилеріміздің кейде байқалмай қалатын көптеген батыл оқиғаларының бірі. Фильм көрермендерге бейбітшілікті ойлайтындардың қызметі қаншалықты күрделі екенін жеткізуге мүмкіндік береді деп үміттенеміз, – деді режиссер Данияр Ибрагимов. Арнайы күштер туралы туындының оның режиссерлік жұмысындағы де-

пынан пайда болды. Оны сол кезде Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы, қазіргі ҚР Қорғаныс министрі генерал-полковник Руслан Жақсылықов толық қолдады, – деді ол.

Камал Жақсылықов фильмнің түсіріліміне «Бүркіт» арнайы мақсаттағы бөлімшелерінің қазіргі әскери қызметшілері мен ардагерлері белсенді қатысқанын атап өтті.

– Кей күндері түсірілім алаңында Ұлттық ұланның «Оңтүстік» ӨңК әскери бөлімдерінен бір уақытта 250-ге дейін әскери қызметші болды. Сондықтан материалдық және техникалық ресурстарды үнемдеу мақсатында әскерлердің Бас қолбасшысы жоспарлы жаттығулар кезінде түсірілім жүргізуді ұсынды. Онда нақты жағдайға жақын арнайы күштердің әскери қызметшілерінің әрекеттері пысықталған еді. Осылайша, біз тартылған күштер мен құралдарды қызметтік-жауынгерлік іс-әрекеттерінен ажыратпай фильмнің негізгі сюжеттерін түсіріп алдық. Сонымен қатар, олардың «Алтыншы пост» және «Қазбат» әскери фильмдерін түсіру кезінде тәжірибе жинап алғаны, бізге көп көмек болды, – деді Камал Жақсылықов.

Қорытындылай келе, ол Ішкі істер министрлігінің басшылығына және Ұлттық ұлан қолбасшылығына фильм түсіруге көрсеткен көмегі мен қолдауы үшін алғысын білдірді.

АҚ ЖОП, ЖАС ОФИЦЕРЛЕР!

17 маусымда Петропавлда ҚР Ұлттық ұланы Академиясының қабырғасынан жас лейтенанттардың 23-ші шығарылымы өтті. Ішкі істер министрі мен өңір әкімінің қолынан көптен күткен ерекше үлгідегі дипломдарды бірінші болып оқу үздіктері алды.



Қаланың орталық алаңында өткен дипломдарды тапсыру салтанатына ҚР Ішкі істер министрі полиция генерал-полковнигі Марат Ахметжанов, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Айдарбек Сапаров, ҚР Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұлан Бас қолбасшысы генерал-лейтенант Еркін Ботақанов және біздің елде жұмыс сапарымен болған Тәжікстан Республикасы Ішкі әскерлерінің қолбасшысы генерал-майор Сухроб Орзу Рауфзода қатысты.

Сонымен қатар, іс-шараға Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығының генералдары мен офицерлері, өңірдің өзара іс-қимыл органдары мен күш құрылымдарының басшылары, ардагерлер мен түлектердің туыстары қатысты.

Салтанатты іс-шара оқу орнының бастығы полковник Артур Тоқышевтің ҚР Ішкі істер министріне оқу орнын бітіргені туралы диплом тапсыру үшін бітіру курсының дайындығы туралы баяндамасынан басталды. Құқық қорғау ведомствосы басшысының диплом алу үшін

сәлемдесуінен кейін алаңның ортасына бітіру батальонының жеке құрамы шықты.

Биылғы жылы оқу орнын 186 түлек бітірді, оның ішінде сегіз жас лейтенант үздік бітірді. Қазақстандық түлектермен бірге Тәжікстан Республикасының он өкілі диплом алды. Айта кетейік, жоғары оқу орнын үздік бітірген 4 түлек мемлекеттік рәміздер күні лейтенанттық погондарды мерзімінен бұрын алды. Сол кезде Мемлекет басшысы - Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолынан алғашқы офицерлік атақтарды лейтенанттар - Өмір Тілеген мен Ерболат Керімбеков алды. Ал лейтенанттар Әділет Жайсанбаев пен Ердәулет Жанғалиге офицерлік погондарды ҚР Ішкі істер министрі полиция генерал-полковнигі Марат Ахметжанов табыс етті.

Ішкі істер министрі полиция генерал-полковнигі Марат Ахметжанов диплом тапсыру салтанатты рәсімінен кейін жас офицерлерді академияны бітіруімен құттықтады.

Құқық қорғау ведомствосының

басшысы өзінің құттықтау сөзінде еліміздің офицерлер корпусын Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы академиясының түлектері толықтырғанын атап өтті. Ол түлектердің академия қабырғасында алған терең теориялық білімі, мұқият кәсіби дайындығы және моральдық-психологиялық шынығуы олардың одан әрі дамуы мен өзін-өзі жүзеге асыруы үшін берік негіз болатынына сенім білдірді.

Оқу орнын одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы айта келе, Ішкі істер министрі қазіргі уақытта мемлекет әскери білім деңгейін арттырып қана қоймай, әскер өмірінің барлық мәселелеріне ерекше назар аударатынын атап өтті.

– Отандық әскери академиялар мен институттар халықаралық стандарттарға және олардың материалдық базасын нығайту қажеттілігіне жауап беруі үшін Мемлекет басшысының III бүкілармиялық кеңесінде қойған міндеттері өзекті болып табылады. Бұл үшін академияның әлемдік стандарттарға толық сәйкес келуі үшін көп нәрсе істеу керек, деді министр.

– Осылайша, мемлекет қамқорлығының арқасында оқу орнының аумағында заманауи оқу корпусының, казарманың және спорт кешенінің белсенді құрылысы жүріп жатыр, сондай-ақ ғимараттар мен құрылыстарға күрделі жөндеу жүргізілуде. Бұл мақсаттарға 10,8 млрд. теңге бөлінді. Сонымен қатар, академияның Алматы, Шымкент және Өскемен қалаларындағы оқу орталықтарының базасында филиалдары құрылды.

2023 жылғы I қаңтардан бастап жоғары әскери оқу орындарының азаматтық қызметшілері мәртебесі бар профессорлық-оқытушылар құрамының жалақысы 50%-ға, ал 2024-2025 жылдары ол жыл сайын тағы 30%-ға арттырылатын болады. Сонымен қатар, академия әскери қызметшілерінің ақшалай қаражаты 2024 жылғы I қаңтардан бастап өңірлік қолбасшылықтың лауазымдық



жалақысына теңестірілетін болады.

Ұлттық ұланның ағымдағы дамуы және олардың санының артуы даярланған офицерлік кадрлардың сапасын арттыру қажеттілігін айқындайды. Осыған байланысты, жаңа оқу жылынан бастап академияда магистратура бағдарламасы бойынша әскерлер үшін офицерлік кадрлар даярлау басталады, – деді Марат Мұратұлы.

– Мемлекет, халқымыз Сіздерге сенеді. Біз Сіздерге лайықты қызмет пен өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету үшін қажет нәрсенің бәрін жасаймыз, – деп түйіндеді полиция генерал-полковнигі Марат Ахметжанов.

Солтүстік Қазақстан облысы басшылығының атынан түлектерді оқу орнын сәтті аяқтауымен облыс әкімі Айдарбек Сапаров та құттықтады.

Облыс басшысы еліміздің офицерлер корпусы әрқашан Отан қорғаушылардың барлық ұрпақтарының тарихи сабақтастығы мен үздік дәстүрлеріне сүйенетінін атап өтті.

– Аға буынның батылдығы мен ерлігіне теңесу – Сіздердің міндеттеріңіз. Ол үшін кәсіби, нағыз командир және тәлімгер болу керек. Принциптілік пен талапшылдық үлгісі ретінде қызмет етіңіздер. Сіздер қиын және жауапты уақытта қызмет етудесіздер, егер біздің ұлттық мүдделерімізді қорғау қаупі төнсе Сіздер кез келген сын-тегеуріндерге жауап берулеріңіз керек, – деді



Айдарбек Сейпілұлы.

Ол өз сөзінде академияның профессорлық-оқытушылар құрамына және жас офицерлердің ата-аналарына алғысын білдірді.

– Олар жанын, барлық кәсібилігін жас офицерлерді даярлауға жұмсады. Мен балаларды бүкіл оқу барысында қолдаған және бүгін оларды

мақтан тұтып отырған ата-аналарды құттықтаймын. Түлектерге Отанымыздың дамуы үшін батыл қызмет пен табысты мансап тілеймін. Антқа адал болу және мінсіз қызмет ету Сіздердің басты өмірлік ұстанымдарыңыз екеніне сенімдімін. Елімізге бейбіт аспан мен өркендеу тілеймін, деп құттықтаумен аяқтады өңір басшысы.

Өз кезегінде Тәжікстан Республикасы ІІМ Ішкі әскерлерінің қолбасшысы генерал-майор Сухроб Орзу Рауфзода ҚР ІІМ және Ұлттық ұлан қолбасшылығына жылы қабылдағаны және елімізге жұмыс сапарымен келуге мүмкіндік бергені үшін ерекше ризашылығын білдірді.

Ол Тәжікстан мен Қазақстан халықтары арасындағы ғасырлар бойғы бауырластық қатынастар бар екенін және халықаралық қатынастар тәжірибесінде үлгі болатынын атап өтті.

– Қазақстан халқының Тәжікстан Республикасының мемлекеттік шекарасының және өз кезегінде өткен ғасырдың 90-жылдарындағы ТМД-ның алыс шептерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде риясыз көмек көрсетудегі сіңірген еңбегін ерекше атап өткім келеді. Қазақстан халқының он жеті ұлы құрметті әскери борышын





орындау жолында өз өмірін қиды. Тәжікстан халқы ғасырлар бойы бұл батылдықты ұмытпайды және олардың әскери борышын орындау жолындағы жанқиярлығы біздің қазіргі және алдағы ұрпақтарымыздың еліктеуінің тамаша үлгісі болып қала береді.

Жылдан-жылға біздің республикалар арасындағы әскери ынтымақтастық дипломатиялық ынтымақтастықтың маңызды салаларының бірі ретінде дамуда. Мемлекетаралық келісімдерге сәйкес біздің курсанттар ҚР Ұлттық ұланының академиясында оқиды және жыл сайын 10 жыл ішінде Тәжікстан Республикасы ПМ Ішкі әскерлерінің қатарын толықтырады. Бүгінгі күнге дейін 89 жоғары білікті офицер ҚР Ұлттық ұланының оқу орнын бітіріп, Тәжікстан Республикасы ПМ Ішкі әскерлерінің бөлімшелерінде мақтаншпен қызмет атқарады. Осының арқасында 2013 жылдан бастап біздің бөлімшелерімізді кәсіби кадр офицерлерімен жасақтау жағдайы айтарлықтай жақсарды және бұл фактор өз кезегінде әскерлердің жауынгерлік даярлық деңгейіне оң әсерін тигізеді.

Осы тұрғыда мен осы мүмкіндікті пайдаланып, Ұлттық ұлан академиясының басшылығы мен профессорлық-оқытушылар құрамына ризашылығымды білдіргім келеді.

Мен академия түлектерін өміріндегі осы маңызды күнімен құттықтаймын. Олар құрметті және өте жауапты өмірлік кәсіпті таңдағандықтан, мемлекет пен халық олардың кәсібилігіне, дағдылары мен біліміне және әрқайсысының күші мен адалдығына сенетінін әрқашан есте ұстауы керек, – деді генерал-майор Сухроб Орзу Рауфзода.

Түлектердің атынан лейтенант

Аулет Сембек сөз сөйлеп, алған білімі мен патриоттық тәрбиесі үшін академияның басшылығы мен профессорлық-оқытушылар құрамына алғысын білдірді. Ол түлектердің офицердің абыройын түсірмейтініне және олардың командирлерінің үмітін ақтайтынына сенім білдірді.

Содан кейін армия дәстүрі бойынша оқу орнының жауынгерлік туымен қоштасу рәсімі өтті. Биыл академияның жауынгерлік туымен қоштасудың құрметті құқығына барлық түлектер атынан оқу орнын үздік бітірген лейтенант Санжар Шымкентбай ие болды.

Салтанатты рәсім Ұлттық ұлан мен академияның жиынтық оркестрі дайындаған концерттік бағдарламамен, елордалық бригаданың құрметті қарауыл ротасы әскери қызметшілерінің дефилесін көрсетумен жалғасты.

Көрсетілім полковник Дамир Бекбауловтың басшылығымен бітіру батальонының жеке құрамының «Мен қазақпын» саптық әнімен басталды. Концерттік бағдарлама түлек-офицерлер мен Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің студенттері тобының орындауында «Ел қорғаны» әнімен және офицерлік вальспен оркестр хорының орындауымен аяқталды.

– Мен үшін бүгін қуанышты күн, Астанадан арнайы келіп отырмын, бұрын осында тұрдым. Бүгін мен академияны бітіргені туралы диплом алған болашақ күйеу баламды көруге және құттықтауға келдім. Мен көп балалы анамын, 11 бала тәрбиеледім, олардың үшеуі Петропавлдағы әскери оқу орнын бітірген. Сонымен қатар, менің немерелерім осында оқыды және оқиды. Менің 20 немерем мен 35 шөберем бар. Халқымызға бейбіт аспан, өркендеу мен табыс, ал

түлектерге ақ жол тілеймін, – дейді 82 жастағы Күлжан апа.

– Мен бүгін Ұлттық ұлан Академиясын бітіргеніме қуаныштымын. 4 жыл ішінде Қазақстанда көп нәрсені, әсіресе бауырлас халықтың дәстүрлерін игеріп, қазақ тілін үйрендім. Мен Қазақстанды екінші Отаным деп санаймын, – деп Тәжікстаннан келген түлек лейтенант Бахром Нихруллоев өз әсерлерімен бөлісті.

Айта кетейік, биыл Академия Ғылым және білім министрлігінің мемлекеттік аттестациясынан сәтті өтті.

26 жыл ішінде оқу орнын 4 мыңнан астам жас офицерлер бітірді. Олар Ұлттық ұлан офицерлер құрамының қатарын толықтырды. Оның ішінде 400-ден астам түлек Қарулы Күштерге, ҰҚК Шекара қызметіне, Мемлекеттік күзет қызметіне, Төтенше жағдайлар министрлігіне және ПМ арнаулы бөлімшелеріне одан әрі әскери қызмет өткеруге жіберілді.

Көптеген түлектер құрамалар мен әскери бөлімдерді басқарады, ал кейбіреулері Бас қолбасшылықта және өңірлік қолбасшылықтардың штабтарында басшылық лауазымдарда қызмет етеді.

Биыл ведомстваралық ынтымақтастық шеңберінде одан әрі қызмет өткеру үшін Мемлекеттік күзет қызметіне 5 түлек, Төтенше жағдайлар министрлігіне 3 түлек және ҚР ПМ «Сұңқар» арнайы мақсаттағы бөлімшелеріне 13 түлек жіберілетін болады.

**Запастағы полковник
Қуаныш ҚОЖАХМЕТОВ,
Петропавл қаласы**

АРТЫНАН ӨЛМЕЙТҰҒЫН ІЗ ҚАЛДЫРҒАН

Адамның өмірі қаншалықты ұзақ, қаншалықты қысқа? Сұңқарға не үшін қарғаның жасы бұйырмаған? Біреу өмірінде өңбейтін іспен, болмайтын даумен ұзақ ғұмырын сарп етеді. Енді бірі өмірге құштар, ғашық бола жүріп, құйрықты жұлдыздай ағып кетеді. Адамның өмірі сонда уақытпен немесе жақсы істермен өлшенеді ме... Барлығы бір Жаратқанға аян. Біздің кейіпкеріміз екінші санатты адамдардың қатарына жататын секілді. Ата-анасының кенже ұлы болып өсті. Еркін ойлы, ақпейілді, өмірге құштар жан болатын. Бір өкінішті сол – өткен шақта айтуға тура келіп тұр.



2022 жылдың басындағы Қаңтар оқиғасын есімізге түсірсек, құдды бір қорқынышты түс іспетті. Ел қайда, ер қайда? Ешкім ештеңе білмейді. Біз қолымызға қару алып Бас қолбасшылықтың резервіне кезекшілігіне түстік. Бастапқыда қоғамдық тәртіпті бұзу орында-

рына аттану қажет едік. Кейін Бас қолбасшылық ғимаратын қорғау тапсырмасы түсті. Жағдай сағат сайын сырғып, өзгеріп тұрды. Біздің әскери бөлімнің клубына апарып, сол жерден тәуліктеп, кезекшіліктен шықпадық. Ұялы телефондар өшіп, теледидар болмай, біз сыртқы

әлемнен оқшауландық. Әңгіме, кейде қауесет арқылы ақпарат келіп жатты. Бірде Бас қолбасшылықтың фаесіне екі сарбаздың суретін алып шыққанын көзім шалды. Бірі қатардағы Мадияр Қайсаров болса, екіншісі кейіпкеріміз Айбат Аманов еді. Екеуінің үнсіз суреті, әлемге бала көзімен қарата «мен сендерге не жаздым?» деп сұрақ қойып тұрғандай көрінді. Өткен кеткен адамдар соның ішінде жас офицерлер мен сержанттар суреттерге тура қарай алмай жүзін шетке алса, тәжірибелі әскери қызметшілер «қап!» деген ойменен басын шайқап өтетін. Он тоғыздан жаңа асқан бейнелері енді еш өзгермесі анық. Енді, олар әскерден оралмайды. Ата-анасы қуана той жасамайды. Олар қиын сәтте ерлік танытып, мәңгілікке аяқ басты. 10 қаңтар ұландықтардың кәсіби мерекесі еді. Әйтсе де, қайғылы оқиғаға байланысты әскери қызметшілер оны көңілсіз жағдайда қарсы алуға мәжбүр болды. Бейбіт тұрғындардың, құқық қорғау органдары қызметкерлері мен әскери қызметшілердің қаза табуына алып келуіне байланысты. Қазақстан Республикасы Президентімен 10 қаңтар елімізде жалпыұлттық аза тұту күні болып жарияланды. Дәл сол күні Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығында азалы жиын ұйымдастырылды. Онда ҚР Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы генерал-лейтенант Еркін Ботақанов сөз сөйлеп, 18 жастағы Айбат Аманов пен оның қаруласы Мадияр Қайсаровтың ерлігін айтып өтті.

Сегіз қырлы Айбат

Сонымен біз кімді жоғалттық, білеміз бе? Бала Айбат бүгінгі Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданында тұратын Ербол Аманұлы мен Гүлнәз Әлкенқызы отбасында дүниеге келді. Балалардың ішіндегі кенжесі еді. Өте еркін, өз ойын ашық айтатын ер болып өседі. Көпшілдігі өз алдына, сонымен қатар тәртібі мен сабағы да жақсы. Қолына ұялы телефонын алып сурет пен бейнероликтерді түсірумен айналысады. Айналасынан достары сиремейтін. Спортпен де жаны сүйіп айналысты. Сондықтан болар, араға бір жыл салып Жаңаарқа ауданының орталығында бокстан жасөспірімдер арасында Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының қаһар-

маны қатардағы жауынгер Айбат Амановты еске алуға арналған Ұлытау облысының ашық турнирі өтті. Бұл игі шараны өз көзімізбен көруге арнайы сапармен Айбаттың туған еліне бардық. Ата-анасымен тілдесуге мүмкіндік алдық. Айтып өту керек, аталмыш спорттық шараға облыстан бөлек, еліміздің әр өңірінен бірнеше команда қатысты.

– Айбат әскерге дейін спортты жақсы көретін. Қолдан спорттық құрылғыларды жасап үйде жаттығатын. Ауыл балаларымен бірге бокспен шұғылданатын. «Акула» деген лақап аты да болатын. Ұлымды ұмытпай, осы турнирге келген Ұлттық ұлан әскери қызметшілеріне рахмет. Бүгінгі шараны ұйымдастырушыларға айтар алғысым шексіз, – дейді батырдың әкесі Ербол Аманұлы.

Анасы Гүлнәз Әлкенқызының айтуынша, Айбат үйдегілерді ас бөлмеге кіргізіп, өзі қонақ залында дене шынығуын түсіретін. «Ол кезде кіре алмайсың. Видеокамера алдында, кейін түсіріп болған соң, қолын тартып бұлшық етінің қатты екенімен мақтанатын «Міне, анашым, ұстап көріңізші», – деп еске түсірді.

– Айбат нағыз ер жігітке тән барлық қасиеттерге ие болды. Ол бала кезінен белсенді болды. Қандай да бір істі бастаса толық күш-жігермен жұмыс істеді. Ол біздің мақтаншымызға лайықты ұлымыз бола білді. Ол біздің кенже ұлымыз болды. Ерлік жасады, халықтың ұлы және еліміздің батыры болды. Айбат өзінің әскери борышын абыроймен атқарып, қаза тапты. Біз осындай ұлды тәрбиелегенімізді мақтан тұтамыз, ол біздің жүрегімізде мәңгі қалады, – деп баласының мінезін сипаттады әкесі Ербол.

Мұнар күн

Ер Махамбет жырлағандай:

- Мұнар да мұнар, мұнар күн,
Бұлттан шыққан шұбар күн,
Буыршын мұзға тайған күн,
Бура атанға шөккен күн...

... Біздің ер Исатай өлген күн!

Он сан байтақ бүлген күн!

Қайғылы күнге келер болсақ, әскери қызметіне, антына адал болған Айбат әскери бөлімнің саптық алаңына жиналады. Өйткені, елдегі жағдайға байланысты 5 қаңтар күні түскі уақыт кезінде жеке құрамынды жинау туралы дабыл соғылады. Берілген өкімдерден кейін әскери бөлім командирі подполковник Бағитжан Баламбаев басқаруымен 170-ке жуық


әскери қызметшілерден тұратын жедел мақсаттағы жеке құрам Талдықорған қаласының аумағында заңсыз шерулер өту орнына барды. Алайда алаңға шыққандардың саны 1500-1700

адамға жуық болады. Заңсыз шеруге шыққан азаматтарды алаңнан шығару жөніндегі қызметтік-жауынгерлік міндетті орындау кезінде қатардағы жауынгер А. Аманов жауынгерлік сапта ерлікпен батылдық таныта отырып, наразылық білдірушілердің шабуылына тойтарыс береді. Буыны енді қатайған жас жауынгер аяусыз баскесерлердің тарапынан болған қақтығыс кезінде өміріне төнген қауіпке қарамастан, қызметтік-жауынгерлік міндетін соңына дейін орындады. Артқа шегінбей, Ұлттық ұлан сазбазына тән қайсар мінез көрсетті. Бұзақылармен бетпе-бет келген Аманов ауыр жарақат алып, оқиға орнында көз жұмады.

Анасы Гүлнәз Әлкенқызының естелігінен:

– Сол күні қызымыз екеуміз жұмыстан үйге келе жатырмыз. Жүрегім тамағым тығылып, бір түрлі болып келемін. Дала қыс, тұман. Жолда алыс. Бір кезде бір жігіт көлігімен тоқтап, үйімізге әкелді. Үйге тас көтергендей жағдайда келіп құладым. Жас өзіннен өзі көзіме келіп тіреледі. Неліктен екенін білмеймін. Бірақ, жерегім бір қайғыны сезді. Сол түні бізге Айбаттың қаза тапқаны туралы қаралы хабар келді.

Шыны керек, өткенге көз салсақ Ішкі әскердің, бүгінгі Ұлттық ұланның да бірталай уақытты артта қалдырғаны байқалады. Бұл уақыт аралығында қаншама офицерлер, келісімшарт бойынша әскери қызметкерлер және сарбаздар аянбай тер төкті, еліне адал қызмет атқар-



ды. Өз өмірлерін қатерге тігіп, кейде өмірлерімен қоштасып, Әскери антқа адалдығын танытты. Ең бастысы – өзіне жүктелген міндетті абыройлы атқарып келеді. Кейіпкеріміз Ұлттық ұланның 5514 әскери бөлімінде «Мәңгілік сапқа» қосылды. Енді мәңгі жас кейіптегі Айбат Аманов мәңгілік жүрегімізде қалады.

Еске салып өту керек, Айбат Аманов Талдықорған қаласындағы Ұлттық ұланның 5514 әскери бөлімінде Отан алдындағы борышын өтеді. Қайғылы қаңтар оқиғасы кезінде ерлікпен қаза тапты. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Айбат Ерболұлы Аманов III дәрежелі «Айбын» орденімен қаза тапқаннан кейін марапатталды.

Турнирдегі таңғажайып

